

«№173 мектеп-лицей» КММ

**Педагог – логопедтің 2025-2026 оқу жылындағы жылдық
қорытынды есебі**

Педагог-логопед: Койшибаева С.Н

Алматы, 2026 жыл

Алматы қаласы Әуезов ауданы №173 мектеп-лицей педагог-логопедінің жылдық рефлексиялық есебі

Педагог-логопедтің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес *диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар* бойынша жұмыстар жүргізілді.

Педагог-логопедтің мақсаты:

Сөйлеу тілін дамытуға бағытталған педагогикалық қолдауды жүзеге асыру, оқу іс-әрекетте қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және диагностикалық, дамытушылық, кеңес беру-ағартушылық іс-шаралар арқылы білім алушылардың мектеп жағдайында толық және үйлесімді қамтамасыз ету.

Педагог-логопедтің міндеттері:

- Білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыға басқа мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп логопедиялық тексеруден өткізу;
- Білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыға жеке, топтық және сыныптық сабақтарда логопедиялық қолдау көрсету.
- Оқытушыларға, ата-аналарға, басқа мамандарға білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқу процесінде және үйде тәрбиелеу кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау (сөйлеу тілінің дамыуы және сөйлеу дағдыларының қалыптасуы) бойынша кеңес беру.

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-ның жылдық жұмыс жоспары, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар *педагог-логопедтің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары, ата-аналарға берілетін кеңестерді тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне арналған кеңестерді тіркеу журналы және білім алушылардың логопедиялық сабаққа қатысуын тіркеу журналдары* бекітіліп, рәсімделді.

1–15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары дайындалып, әр балаға жеке толтырылды. Диагностика барысында білім алушылардың сөйлеу тілін түсінуі, дыбыс айтуы, сөздік қоры, лексика-грамматикалық құрылымы, сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі, фонематикалық қабылдауы, оқу және жазу дағдылары қарастырылды. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББК) оқушылар анықталып, оларға 2а, 2б, 3в-формалары бойынша педагогикалық-логопедиялық сипаттамалар берілді. Кабинеттің материалдық-техникалық базасы реттеліп, көрнекі дидактикалық құралдар дайындалды. Жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, оқушылармен жеке және топтық сабақтардың кестесі құрылды. Құжаттама (циклограмма, сабақ кестесі, кеңестерді тіркеу журналы) нормативтік талаптарға сай толық рәсімделді.


Инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері

ҚР «Білім туралы» Заңы, №343, №348, №338, №500, №130, №92, №117, №4, №39, №125, №70, 2025-2026 оқу жылына арналған ӘНХ (123-127 бет)

Оқу жылы барысында ППҚҚ-ның жоспарлы отырыстарына қатысу қамтамасыз етіліп, білім алушылардың сөйлеу тілінің даму динамикасы, түзете-дамыту бағдарламаларының орындалу барысы, оқу және жазу дағдыларының қалыптасу деңгейі туралы ақпарат берілді. Отырыстарда білім алушылардың жетістіктері белгіленіп, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері талданды. Жүргізілген мониторинг пен ағымдағы бақылау нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жыл басындағы кабинеттің суреті:





Екінші жартыжылдықтағы кабинеттің суреті:

Психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңес қорытындылары бойынша түзете-дамытуды қажет ететін жыл басындағы білім алушылардың тізімі:

№	Аты-жөні	Мекен жайы	Сынып	Телефон номері	Қолдау	Қорытынды
1	Ақжол Арай Серік-Қалиқызы	Мамыр-1, 29/8 11п	1 «Е»	87013641447	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы СТЖД I деңгейі. Сенсорлы алалия? ПДТ</i>
2	Жумадилла Жанарыс Убайдуллақлы	Мамыр-7 , 21 үй, 60п	1 «А»	87012289184	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы ПДТ, СТЖД III деңгейі.</i>
3	Елғонды Нұрислам Нурланұлы	Мамыр-1, 29/6	3 «F»	87020000732	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы ПДТ, Оқудың мен жазудың бұзылуы.</i>

4	Жаңабай Аймар Ғалымжанұлы	Афицинао 4, 3 блок жк Восход	4 «В»	87028757715	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы</i> ПДТ, Оқудың мен жазудың қиындығы.
5	Бекбай Сара Еркебуланқызы	Мамыр-1, 29/3 31п	5 «Д»	87089726997	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы</i> ПДТ, Оқудың бұзылуы. СТЖД-ның әсерінен туындаған.
6	Сүлейменұлы Олжас	Мамыр-1 29/3 31 п	5 «Б»	87788820155	<i>Дефектолог пен логопед</i>	<i>Жеке оқу бағдарламасы</i> Жеңіл түрде зиятының бұзылуы. СТЖД ІІІ деңгейі. Тоникалық тұтықпаның орташа деңгейі.
7	Қайрат Төлеген	Мамыр-2, 6-21	7 «Ә»	87017801135	<i>Дефектолог</i>	<i>Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы</i> ПДТ Қарым-қатынас пен әлеуметтікөзара әрекеттестіктің бұзылуы. Оқу үрдісінде бейімделудің қиындығы. Коммуникативтік бұзылыстарға байланысты сөйлеу тілінің ерекшелігінен болған оқу мен жазудың бұзылысы.
8	Бекбай Жолан Еркебуланұлы	Мамыр-1, 29/3 31п	3 «Д»	87089726997	<i>Логопедпен</i>	<i>Жалпы білім беру бағдарламасы</i> Тоникалық тұтықпаның орташа деңгейі.

ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес 8 білім алушыға логопедиялық диагностика жүргізіліп, сөйлеу карталары толтырылды. Оның ішінде 7 білім алушыға логопедпен жұмыс ұсынылған.

Олардың ішінде СТЖД 1-деңгейімен — 1 білім алушы, СТЖД 3-деңгейімен — 2 білім алушы, жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар — 2 білім алушы, ауызша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар — 1 және тұтықпасы бар — 1 білім алушы қамтылды.

Логопедиялық диагностика нәтижелері ППҚҚ отырыстарында қарастырылып, білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау жұмыстарының мазмұнын анықтауға негіз болды. Алынған мәліметтер негізінде түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

ППҚҚ ұсыныстары мен логопедиялық диагностика нәтижелеріне сәйкес сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға *түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламалары* әзірленді. 1 оқушыда *жеке оқу бағдарламасы*, 5 оқушы *бейімделген оқу бағдарламасы*, 1 оқушы *жалпы білім беру бағдарламасы* бойынша білім алады.

ҚР ОАМ 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына сәйкес ППҚҚ қорытындысында педагог-логопедтің көмегі ұсынылған балалар мен мектепшілік анықталған балалардың тізімін қосқанда 12-14 білім алушыны құрайды.

Жеке сабақ – 30 минут, топтық сабақ – 45 минут, апталық жүктеме 16 сағат (сабақ).

ППҚҚ қорытындысы бар білім алушыларға ТДБ (түзете-дамыту бағдарламалары) Мектепшілік анықталған немесе ата-ана өтініші бойынша алынған білім алушыларға арналған ЖДБ (жеке дамыту бағдарламалары)	ТДБ - ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы бойынша «Түзету компоненті» бөлімінде көрсетілген «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылады. ЖДБ – ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады
---	---

Жалпы жыл бойына есепке алынған оқушылар саны 29 құрайды. 1-сынып оқушыларды тексеру барысында әр тоқсан сайын әр сыныптың оқушылары топтық сабақтарға алынды. Оқушылардың көбісінде Р, С, Ш, Ж, Қ дыбыстарының бұзылуы және жазу кезінде ызың дыбыстарды алмастырып, шатастырып жазуы кездесті. Оқушылармен осы бағыт бойынша жұмыстандым. Бағдарламаларға сәйкес жеке, кіші топтық және топтық логопедиялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалып, бекітілген сабақ кестесі бойынша түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Оқу жылы барысында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылармен жүргізілген логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, жетістіктері белгіленді.

Ағымдағы бақылау мен мониторинг нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2025–2026 оқу жылында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға көрсетілген түзете-дамыту жұмыстарының сандық көрсеткіштері

1- жартыжылдық

№	Аңғарымы	балдық бағалау				
		Бала саны	0 мақсаттарға қол жеткізілмеді (0-25%)	1 мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (26-50%)	2 мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (51-75%)	3 мақсаттарға қол жеткізілді (76-100%)
1.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 1 деңгей	1		1		
2.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 3 деңгей	2		1		1
3.	Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары	2		2		
4.	Оқудың бұзылуы	1		1		
5.	Тұтықпа	1			1	
	Барлығы	7	0	5	1	1

Пайыздық динамика	100%	0%	72%	14%	14%
-------------------	------	----	-----	-----	-----

2- жартыжылдық

№	Аңғарымы	балдық бағалау				
		Бала саны	0 мақсаттарға қол жеткізілмеді (0-25%)	1 мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (26-50%)	2 мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (51-75%)	3 мақсаттарға қол жеткізілді (76-100%)
1.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 1 деңгей	1		1		
2.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 3 деңгей	2			1	1
3.	Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары	2		2		
4.	Оқудың бұзылуы	1			1	
5.	Тұтықпа	1			1	
	Барлығы	7		3	3	1
	Пайыздық динамика	100%	0%	42%	42%	14%

2025–2026 оқу жылы бойынша логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері балдық бағалау негізінде қорытындыланды. Бағалау барысында білім алушылардың бағдарламада белгіленген мақсаттарға қол жеткізу деңгейі, логопедиялық тапсырмаларды орындау мүмкіндігі, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларының қалыптасуы, сондай-ақ түзете-дамыту бағыттары бойынша даму динамикасы талданды.

Кесте деректеріне сәйкес, қорытынды мониторингте логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарына қамтылған 7 білім алушының нәтижелері қарастырылды.

Бағалау нәтижесінде **0-мақсаттарға қол жеткізілмен** жағдайлар екі жартыжылдықта да тіркелмеді.

1-Мақсатқа ішінара қол жеткізу бағалауы бойынша екінші жартыжылдықта 5 білім алушыдан 3 білім алушыға ауысты, яғни мақсаттың жартысынан төмен деңгейін меңгерген оқушы саны азайған.

2-Мақсатқа толық қол жеткізілмеді бағалауы бойынша бірінші жартыжылдыққа қарағанда, екінші жартыжылдықта 1 білім алушыдан 3 білім алушыға өсті, яғни екінші жартыжылдықта қойылған мақсаттың жартысын меңгерген оқушы саны-3.

3-Мақсатқа толық қол жеткізілді бағалауы бойынша өзгеріс жоқ, яғни мақсаттардың барлығын орындаған оқушы саны бірінші және екінші жартыжылдықта да бірдей.

Бұзылыс түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде:

- СТЖД 1-деңгейі бар 1 білім алушы бойынша логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарын әрі қарай жалғастыру қажеттілігі анықталды;
- СТЖД 3-деңгейі бар 2 білім алушының біреуінде қойылған мақсаттарға қол жеткізілді, ал 1 білім алушы бойынша логопедиялық қолдауды жалғастыру қажеттілігі сақталды;
- жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар 2 білім алушыда даму деңгейі өзгеріссіз болғандықтан, оқу және жазу дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастыруды қажет етеді;
- тұтықпасы бар 1 білім алушы бойынша сөйлеу қарқыны, тыныс алу және сөйлеу еркіндігін қалыптастыру бағытындағы түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі белгіленді.


Жалпы алғанда, логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде білім алушылардың бір бөлігінде сөйлеу белсенділігі, дыбыс айтуы, сөздік қорды қолдануы, сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі, оқылым және жазылым дағдылары бойынша оң динамика байқалды. Сонымен қатар жекелеген білім алушылар бойынша логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарын келесі оқу жылында да жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі анықталды.

ТҮЗЕТЕ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ (МОНИТОРИНГ)


2025–2026 оқу жылы бойынша балдық бағалау динамикасы



Нәтижелер



жүргізілген логопедиялық түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін анықтау мақсатында 1-ші және 2-ші жартыжылдықтардың қорытындылары бойынша салыстырмалы мониторинг



Қыркүйек айында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, бала туралы бастапқы мәліметтер жинақталды.

Ата-аналарға логопедиялық бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беріліп, психологиялық-педагогикалық қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Көрсетілген кеңестер ата-аналарға кеңес беруді тіркеу журналында белгіленді. Оқу жылы барысында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық және логопедиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жеке және топтық форматта кеңестер ұйымдастырылып, баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, дыбыс айтудағы қиындықтар, оқу және жазу дағдыларындағы бұзылыстар, үй жағдайында сөйлеу тілін дамыту және логопедиялық тапсырмаларды орындау жолдары түсіндірілді.

Қыркүйек айында педагог-логопедтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес *«Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары»* тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингтің мақсаты Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларда оқу және жазу дағдыларының бұзылуын (дислексия, дисграфия) алдын алу, олардың алғышарттарын анықтау және түзету жұмыстары бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру, педагог-логопед пен мұғалімдер арасындағы әдістемелік байланысты нығайту болды.

Аталған семинар-тренингке 1-4 сынып мұғалімдері қатысты. Педагог-логопед тарапынан оқушылардың сауат ашу кезеңіндегі кездесетін негізгі кедергілер мен оларды еңсеру жолдары туралы теориялық және практикалық мәліметтер берілді.

Семинар барысында оқушының жазуындағы спецификалық қателерді (әріптерді тастап кету, алмастыру, айнала жазу) қарапайым қателерден ажырату жолдары қарастырылды. Сабақ үстінде қолдануға болатын «саусақ жаттығулары», «нейрогимнастикалық элементтер» және «фонематикалық естуді дамыту» ойындарының тиімділігі көрсетілді. Оқу және жазу дағдылары баяу қалыптасатын оқушыларға жеке тапсырмалар дайындау, бағалаудағы жеңілдіктер мен психологиялық қолдау көрсету алгоритмі талқыланды.

Тәжірибелік бөлімде мұғалімдермен бірге оқушылардың ұсақ моторикасын дамытуға, кеңістікті бағдарлауға (оң, сол, жоғары, төмен) және сөздің дыбыстық құрылымын меңгеруге бағытталған тренингтік жаттығулар орындалды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдері оқу және жазу дағдыларының бұзылу себептерімен танысып, оларды түзетудегі логопедтік әдіс-тәсілдерді меңгерді. Семинар соңында ата-аналарға оқу – жазу дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік ұсынымдар мен үлестірмелі материалдар таратылды.

2 Тапсырма
«Өрікті жөшірші жаз»
Үйге сымалданған бойымен бастырып жаз.

3 Тапсырма
«Өрікті голмектер»
Жүргізіп берілген өрістерді аяқтап жаз.

АКУСТИКАЛЫҚ ДИСТРАФКЕРА

АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Мақсат: Оқушылардың дыбыстары есту арқылы ажырату бойынша сөздерді, сөйлемдерге ғрым дыбыстары арқылы қосылған, жаңа дыбыстарымен қалыптастыру.

1 Тапсырма
«Дыбысты ажырату»
Мұғалім айтылған дыбысты тыңдап, қай дыбыс өзінің оқиғасына жазып көрсет.

АӘБГГ.РҚД.
БҒЯКҚ.ЛМН
НҢОӨПСТ.
ҢҢҢПФ.ЖЗ
С.ЖЗР.

1 Тапсырма
«Дәттегі тапп»
Бүгінгі сөйлемдегі көптеп тапп және түсет.

Мыналар арқылы тапп тапп:

Үкіт: Адам-Ақпан
Шаруы
Жұды
Қылы
Занчүр
Мншақ
Тымақ
Қымы
Қырашы
Қысар
Бқытты

??
а о
ы и

2 Тапсырма
«Сөздік диктант»
Мұғалім айтып сөздерді жаз.

3 Тапсырма
«Сөйлем диктанты»
Ұясы сөйлемді тыңдап жаз.

Педагог-логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айында ата-анадан баласы жайлы жалпы мәлімет жиналып, ата-ана арқылы оқушының қасиеттері мен мінез-құлқы анықталды.

«Саңырауқұлақ» жаттығуы

Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрмаыз.

«Өткеншек» жаттығуы

Ауыз ашық. Тілді қатайтып ұстап, үстіңгі-астыңғы тістердің артына кезек-кезек созу.

«Тісімізді тазалаймыз» жаттығуы

Күлеміз, аузымызды сол ашып, тілдің ұшымен оңға-солға қозғалтып тістерді ішкі-сыртқы жағынан тазалаймыз.

«Күркеғауық» жаттығуы

Ауызды ашып ашып, тілді жоғары ерінге қойып, тілдің жалпақ ұшына алға-артқа жылжыту керек.

«Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы»

Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз – артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін қолданылатын тіл жаттығулары. Ол баланың дыбыстарды дұрыс айтуына, дұрыс сөйлеуіне тікелей әсер етеді. Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшелерінің жұмысын бақылай алу үшін міндетті түрде айна қолданылады.

Күрметті ата-ана баланы жаттығулар жасауда мынаны ескеріңіз:

- Балаға жаттығуды дұрыс орындамағанын айтудың қажеті жоқ, оған қалай дұрыс жасау керектігін көрсетіп, жетістігін айтып, көтермелеу қажет.
- Күн сайын 2-3 жаттығуды 3-5 минуттан өткізу қажет.
- Жеңілден күрделіге қарай жүргізіледі.
- Оның түрінде ұяымдастарыңызда боларды.
- Ең алдымен тіл буынықтарына, кейін ерінге арналған жаттығулар жүргізіледі.

Артикуляциялық жаттығулар кешіңіз.

«Күркеше» жаттығуы

Тіл босансығызалады, жалпақ күнге енгізіледі де, төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек.

«Кесе» жаттығуы

Ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де кесе қалпы беріледі.

«Төбенік» жаттығуы

Ауызды жағрайлап ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тірен ұстау.

«Түтікше» жаттығуы

Тіл ауыздан шығарылмайды да, түтікше түріне енгізіледі. 10-15 секунд ұстап тұру керек.

«Сағат» жаттығуы

Ауызды кең ашамыз, тілді жіңішкертіп ала созып, оңға және солға қозғалтамыз.

«Дөмді тосап» жаттығуы

Ауыз кең ашық, жалпақ тілмен жоғарғы және төменгі ерінді жапаймыз.

«Ат шауып келеді» жаттығуы

Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра және ажырату арқылы таңдай қағамыз.

«Бақа» жаттығуы

Еріндерімізді ашып күзімізден, тістерімізді көрсетеміз.

«Пілдің тұмсығы» жаттығуы

Еріндерді біріктіріп алдыға қарай созыамыз.

«Үн илейміз» жаттығуы

Жымып «пя-пя-пя» деп тілмен еріндер арасында шалғалтамыз.

«Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы» атты ата-анаға арналған чек-парақтар берілді. Бұл чек-парақта артикуляциялық жаттығулар кешені, яғни барлық жаттығулардың үй жағдайында жасалу жолдары айтылған. Ата-анаға арналған әртүрлі ескертулер көрсетілген.

Сонымен қатар «Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын алу» атты ата-аналарға арналған жадынама таратылды. Бұл жадынамада баланың ұсақ-қол моторикасын дамытуға арналған бірнеше тапсырмалар, естіп қабылдауын және тыныс алуын дамытуға арналған ойындар берілді. Педагог-логопед ретінде сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын алуға ата-аналарға кеңестер айтылған.

«Допты қақпаға кіргізі» - мақтадан жасалған допты үрлеу арқылы қақпаға кіргізеді.
«Шар үрлеу» - балаға шарды ауыздан алмай үрлеу ұсынылады. т.б

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар:
Саусақ жаттығуларын орындау



Ермексазбен жұмыс



Су-Джок доптарымен қолға массаж жасау



Естіп қабылдауын дамытуға арналған ойындар:
«Неңің дыбысы?» ойынын ойнату.
Ойын шарты: аудиобаспадан түрлі жануарлардың немесе музыкалық аспаптардың даусын естіртіп, неңің даусы екенін ажыратқызу.
«Мүхият тыңда, жатқа айт» ойыны.
Шарты: балаға жаңылтпашты бірнеше рет қайталау, бала жаттап алып қайта айтуы керек.

Артикуляциялық жаттығулар орындату

«Бақа жымылды»
Айнамы ал да, бақамен бірге жымы

«Тіл тұмсығы»
Тілді бар мүмкіндігіңше алға қарай созып, ұшың жоғары қарай тигізбей көтеру

«Тәтті тосап»
Тілді жалпақ етіп шығару
Жоғарғы еріңді жалғау,
Тілді ауылдығы тұр жағына жінеу

«Ине»
Ауыз шық,
Тілді бар мүмкіндігіңше алға қарай созып.

Күрметті ата-ана, балаңыздың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуы сіздің қолыңызда!

Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын-алу (ата-аналарға арналған жадынама)

Соңғы уақытта балалар тілінің кеш шығуы арнайы педагогикада және жалпы психологияда өзекті мәселелердің бірі болып отыр және балалар мен жасөспірімдердің сөйлеу бұзылыстарының алдын алу проблемасының өзектілігі жаһандық сипат алды.

Сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын-алу екі бағыттан тұрады. Олар: сөйлеу тілі бұзылыстарын біріншілік және екіншілік алдын алу.

Сөйлеу тілі бұзылыстарын біріншілік алдын алу – бала туылғанға дейінгі уақыт. Болашақ ана үшін жүктілік кезеңінде барынша жағымды жағдай жасау қажет:

- Қолайлы экологиялық жағдай. Қоршаған ортаның ластануы соғымалы аурулардың пайда болуына, ағзаның зиянды әсерлерге қарсы тұруын төмендетеді;
- Стресс, жағымсыз психологиялық ахуал, бұл өз кезегінде балалардың жүйке-жүйесіне кері әсер етіп, иммунитетін төмендетеді;
- Болашақ ата-аналардың уақтылы генетикалық кеңес алуы, өз уақытында әйелдер кенесіне есепке тұрып, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болуы өте маңызды;
- Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану.

Сөйлеу тілі бұзылыстарын екіншілік алдын алу – бала туылғаннан кейінгі уақыт.

- Баланың бас аймағын зақымданудан алдын алу;
- Әртүрлі аурулар мен балалар инфекцияларының алдын-алу;
- Есту мүшелерін суық тиюден қорғау;
- Артикуляциялық мүшелерді зақымданудан қорғау;
- Бала туылған сәттен бастап, онымен мүмкіндігінше көп сөйлесу;
- Гүлдегенде немесе балдырлағанда баланы ынталандыру (бірге гүлдеу, балдырлау);
- Сөйлеу тілі еліктеу арқылы дамытындықтан, қолайлы сөйлеу ортасын қамтамасыз ету (бір тілде сөйлесу және сөйлеу, ана тілінде);
- Отбасында екітілділік – сөйлеу тілінің кеш шығуының бірден-бір себебі. Сөйлеу тілінің ерте даму кезеңдерінде отбасында екі тілде сөйлесу қажет;
- Баламен сөйлескенде бала тілінде емес, ересектер секілді дұрыс, анық сөйлесу;
- Баланың өз отінін ауызша білдіруіне барынша мүмкіндік беру (жест-мимика емес);

Смартфондарды пайдалану уақыттарын шектеу (жасына сәйкес белгілі уақыт аралығында ғана беру);
Сонымен қатар, балалардағы сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу үшін:

- Естіп қабылдауын және фонематикалық есту қабілеттерін;
- Дұрыс тыныс алуын;
- Артикуляциялық аппаратының қимыл-қозғалысын;
- Қол моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар орындату керек.

Балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу үшін қандай тапсырмалар мен ойындар қолдануға болатынын білесіз бе?

Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын алу үшін келесідей тапсырмалар мен ойындар ойнатсаңыз болады!

Дұрыс тыныс алуға үйрету ойындары:
«Көбелектерді ұшыр» - мұрынмен терең тыныс алып, қағаз көбелектерге үрлеу.

Біліктілікті арттыру курстары бойынша 2 апталық курстан өттім. Ұзақтығы: 2 апталық курс (80 академиялық сағат)

Ұйымдастырушы: «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры»

Курс тақырыбы: Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде инклюзивті практиканы ұйымдастыру және енгізу



Біліктілікті арттыру курсы аясында теориялық білімді шыңдап қана қоймай, оны тәжірибеде қолдану мақсатында арнайы топтарға бөліндік. Біздің топ инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін қамтитын шығармашылық жоба дайындап, оны сәтті қорғап шықты.

Біздің жобаның тақырыбы: *«Арт-терапия элементтерін инклюзивті оқыту процесінде пайдалану»* Жобаның негізгі мақсаты: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық әлеуетін ашу және арт-терапия әдістері арқылы оқу процесіне бейімделуін жеңілдету.



«ЖИ және STEAM идеялар галереясы» атты мектепшілік семинарда ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балаларды жалпы ортаға бейімдеудің тиімді әдістері көрсетілді. Семинар аясында арнайы көрме жасалып, онда білім алушылар мен мұғалімдердің шығармашылық, ғылыми жобалары және инклюзияны дамытуға арналған құралдармен таныстырылды.



Көрме үстеліне келесі заманауи әдістемелік құралдар қойылды:

- Нейрожаттығулар мен моторлық құралдар: Мидың екі жартышарын дамытуға арналған лабиринттер (*wooden interhemispheric toys*), сенсорлық және кинестетикалық қабілеттерді арттыратын қозғалмалы тетіктер (геометриялық спиральдар).
- «*Jun Gabe*» (*Фребель сыйы*) жүйесі: Балардың логикасын, кеңістікті ойлауын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған «*Jun Gabe 1*» және «*Jun Gabe 2*» ағаш блоктық жиынтықтары, перфорацияланған тақталар мен түрлі-түсті жіптер.
- Логопедиялық құралдар: Тіл бұзылыстарын түзетуге және дыбыстарды дұрыс шығаруға арналған арнайы *логопедиялық зондтар*.
- Әдістемелік кітапшалар мен дидактикалық материалдар: «Инклюзив» орталығының цифрлармен, геометриялық пішіндермен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар жинағы және дисграфияны (жазу үдерісінің бұзылуын) түзетуге арналған «Дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар жинағы».



ЕБҚ оқушысының интеграциясы: Семинардың ерекше білім беруді қажет ететін 1-сынып оқушысы Ақжол Арай өзінің шығармашылық қабілетін көрсетіп, көпшілік алдында сурет салды.


Бұл көрсеткіш мектептегі инклюзивті қолдаудың жоғары деңгейде екенін, баланың әлеуметтенуі мен арт-терапия(сурет салу) арқылы өзін-өзі дамытуына жағдай жасалғанын іс жүзінде дәлелдеді.



Топтық сабақтардың тиімділігі:

Әлеуметтену және коммуникация: Балалар қатарластарымен қарым-қатынасқа түсіп, өз ойын жеткізуді, өзгелерді тыңдауды үйренеді.

Еліктеу (Имитация) феномені: Бала жолдастарының дұрыс жауаптары мен іс-әрекеттеріне қарап, тапсырманы тезірек меңгереді.












Балалардың саусақ бұлшықеттерінің кемділігін арттыру және қол-көз үйлесімділігін (зрительно-моторная координация) жақсарту мақсатында кешенді түзету жұмыстары жүргізілді. Сабақ барысында жазу, сызу тапсырмалары, тақтамен жұмыс (бормен және маркермен жазу), сонымен қатар ұсақ заттармен манипуляция жасау (бизиборд, түрлі-түсті резеңкелермен, моншақтармен жұмыс) және қол бұлшықеттеріне арналған су-джок, доп терапиялары қолданылды.

Жұмыстың негізгі тиімділігі:

- Сөйлеу орталығын ынталандыру: Қол саусақтарының ұштарында орналасқан жүйке нүктелері бас миындағы сөйлеу аймағының (Брока орталығы) белсенді жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді.

- Жазу дағдыларына дайындық: Қаламды/қарындашты дұрыс ұстау (динамикалық үштік дағдысы) қалыптасады, қолдың тез шаршауы төмендейді.
- Кеңістікті бағдарлау: Дәптер бетіндегі, тақтадағы жолдарды дұрыс көріп, кеңістікті (оң, сол, жоғары, төмен) бағдарлай білу қабілеті артады.






Білім алушының дұрыс дыбыс шығару және сөйлеу базасын қалыптастыру мақсатында тыныс алу жаттығулары жүргізілді. Айна алдында ерін, тіл бұлшықеттерін дамытуға арналған артикуляциялық гимнастикамен қатар, бағытталған ауа ағынын дамыту (мақта үрлеу, арнайы құралдармен жұмыс) жаттығулары жасалды.

Арнайы жарықтандырылған үстелде құммен жұмыс жүргізілді. Жарық үстеліндегі құм терапиясы арқылы баланың ұсақ қол моторикасы, тактильді (сезімталдық) қабылдауы және саусақ бұлшықеттерінің белсенділігі арттырылды. Бағытталған тактильдік (сезімталдық) қабылдауды дамыту үшін балалар құм бетіне саусақпен әртүрлі сызықтар, геометриялық пішіндер салып, екі қолмен симметриялы суреттер бейнеледі. Бұл әдіс баланың сенсорлық жүйесін ретке келтіруге бағытталды.

Жұмыстың негізгі тиімділігі:

- Психоэмоционалдық релаксация: Құмның құрылымы баланың жүйке жүйесіне тыныштандыратын әсер береді, ішкі қорқыныштар мен мазасыздықты (тревожность) азайтады.
- Екі жарты шардың байланысы (Межполушарное взаимодействие): Құм үстінде қос қолмен қатар сурет салу немесе толқындар жасау мидың оң және сол жақ жарты шарларының арасындағы байланысты нығайтады.
- Танымдық процестерді дамыту: Зейіннің тұрақтылығы, қиял және шығармашылық ойлау қабілеттері белсенді түрде дамиды.



Жеке (индивидуалды) сабақтардың тиімділігі:

Бағытталған назар: Маман әр баланың жеке ерекшелігіне, дыбыс айтудағы бұзылыстарға 100% көңіл бөледі.

Түзету жылдамдығы: Артикуляциялық және тыныс алу аппаратындағы ақауларды (мысалы, айна алдында жеке жұмыс жасау арқылы) нақты әрі тез түзетуге мүмкіндік береді.

Ыңғайлы орта: Білім алушы бөтен дыбыстарға алаңдамай, тапсырманы сапалы орындауды үйренеді.



Жаңабай Аймар, оқу мен жазудың қиындығы

Сөйлеу аппаратының құрылысы қалыпты, анатомиялық бұзылысы жоқ. Артикуляциялық мүшелердің қозғалғыштығы жақсы, негізгі логопедиялық жаттығуларды нақты және толық көлемде орындайды. Жеке дыбыстарды айтуында (изоляцияда) кемшіліктер жоқ. Алайда, сөйлеу ағымында [Ң] дыбысын [Н] дыбысына алмастыру байқалады, бұл дыбыстың артикуляциялық позициясының әлі де бекімегенін көрсетеді. Фонематикалық талдау және жинақтау дағдылары **төмен деңгейде**. Есту арқылы қабылдау мен таңбалау арасындағы байланыс әлсіз. Жазба жұмыстарында (диктант) спецификалық дисграфиялық қателер көптеп кездеседі

Дауысты дыбыстарды шатастыру: (*көрсө-күрсө, үлкен-өлкен, бүгін-бүгын т.б.*) – бұл еріндік және езулік дыбыстарды дифференциациялаудың әлсіздігі;

Әріптерді тастап кету: (*қызылша-қызлша, кішкентай-кікнтай*) – сөздің дыбыстық құрылымын толық қабылдамау;

Дыбыстарды алмастыру және қате таңбалау: (*істеді-ыстеды, ірімшік-ырымшік*) – жазуда оптикалық-акустикалық заңдылықтардың бұзылуы

Естілуі ұқсас дыбыстарды шатастырады (дауыстылар: *ү-ө, і-ы, ұ-ұ*). Сөздік қоры шектелген, тұрмыстық деңгейде ғана. Лексикалық тақырыптарды (жабайы/үй жануарлары, көкөністер/жемістер) жіктеуде (дифференциация) қателіктер жібереді, жалпылауыш сөздерді қолдануда қиналады. Сөздердің өзара байланысының әлсіздігі. Өз ойын жеткізу барысында паразит сөздерді жиі қолданады, бұл сөйлеу белсенділігінің төмендігін және қажетті сөздерді таңдаудағы қиындықтарды көрсетеді.

Байланыстырып сөйлеу деңгейі төмен. Әңгіме құрау кезінде жүйесіздік байқалады, оқиға желісін сақтай алмайды. Оқу қарқыны баяу. Мәтінді түсіну және мазмұндау деңгейі төмен. Оқу кезінде зейіннің тұрақсыздығынан жолдарды жоғалтып алу, ауысып кету жағдайлары жиі кездеседі. Оқу процесінде зейіннің шашыраңқылығы, тез шаршағыштық және психикалық процестердің баяулығы байқалады. Жазба жұмыстары кезінде өз іс-әрекетін бақылау деңгейі төмен.

Аймармен алдағы уақытта келесі бағыттар бойынша түзету жұмыстарын жалғастыру қажет:

1. Фонематикалық есту және талдау қабілетін дамыту.
2. Оқу мен жазудағы оптикалық және акустикалық дисграфияны түзету.
3. Лексикалық тақырыптарды бекіту және сөздік қорды байыту, лексикалық тақырыптар бойынша карточкалармен жұмыс.
4. Грамматикалық нормаларды (жалғаулар мен жұрнақтарды) меңгерту.
5. Зейінді және есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары.

Ақжол Арай, жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I деңгей және сенсорлы алалия

Сөйлеу аппаратының құрылысы қалыпты, анатомиялық бұзылыстар байқалмайды, алайда оқушыда жұтудың қиындығы бар және шайнау процесінің баяулығы, еріннің үнемі жарылып жүруі және тіл бетінің тегіс емес, жарықтардың болуы байқалады. Бұл ауыз қуысының шырышты қабығының сезімталдығын арттырып, артикуляциялық жаттығуларды орындау кезінде балаға физикалық жайсыздық тудыруы мүмкін. «Таңдай қағу», «кесе» сияқты артикуляциялық жаттығуларды орындай алмайды.

Сөйлеу тілінің мағынасын ұқпайды, қарапайым нұсқауларды («Дәптеріңді аш», «Қаламды ал») орындау қиындық тудырады. Көбінесе сөйлеуге реакция бермейді (атына шақырғанға әрқашан реакция бере бермейді), бұл есту қабілетінің ақауы емес, сенсорлы алалия фонындағы фонематикалық қабылдаудың бұзылуына тән. Фонематикалық есту қабілеті жеткіліксіз дамыған. Сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) анықтай алмайды.

Қазақ тіліндегі жай нұсқауларды түсінуде қиналады, бірақ орыс тіліндегі қысқа, нақты нұсқауларды жақсырақ қабылдайды. Белсенді сөздік қоры өте шектеулі. Қажеттілігін білдіру үшін тек бір сөзден тұратын лексемаларды қолданады (мысалы: «салфетка», «игрушка», «ноу») т.б. Тек өз жадында сақталған, таныс суреттерді көргенде ғана сол сөздерді атауы мүмкін. Қоршаған ортамен байланыс орнату үшін сөзді емес, айқайды немесе жылауды манипуляция құралы ретінде қолданады.

Сөздерді байланыстырып сөйлем құрау, жалғауларды дұрыс қолдану дағдысы қалыптаспаған. Қазақ тіліндегі сөздерді мағынасыз, автоматты түрде қайталау (эхолалия) басым.

Қолдың ұсақ моторикасы және кеңістікті бағдарлауы төмен. Қаламды дұрыс ұстай алмайды, жазу парағының шекарасын сезінбейді. Бір әріптен екінші әріпке көшу процесінде зейіннің тез таусылуы және мотивацияның жоқтығы байқалады. Буындап оқу дағдысы толық қалыптаспаған. Әріптерді танығанымен, оларды біріктіріп оқуда және оқыған сөздің мағынасын түсінуде қиындықтар туындайды.

Танымдық даму деңгейі жас ерекшелігіне сай емес. Шулы ортаға, қатты дауысқа сезімтал. Көру арқылы есте сақтау қабілеті жақсы. Мультфильм кейіпкерлерін, көрген бейнелерін детальдарына дейін сурет арқылы бейнелей алады.

Арайдың сөйлеу тілі мен психикалық процестерінің дамуында тежелу байқалады.

1. Сабақтарды визуалды қолдау (карточкалар, суреттер) арқылы жүргізу.
2. Баланың сурет салу қабілетін пайдалана отырып, лексикалық тақырыптарды меңгерту.
3. Фонематикалық естуді орыс және қазақ тілдерінің баламаларын қолдана отырып дамыту.

Елғонды Нурислам, оқу мен жазудың бұзылысы

Сөйлеу аппаратының құрылысы қалыпты, артикуляциялық жаттығуларды толық көлемде орындайды. Алайда, сөйлеу кезінде дыбыстардың сақаулануы (сигматизм, ротацизм) және дыбыстарды жіңішкелеп айту байқалады. Сөйлеу барысында [С], [Ш], [Ж], [З] дыбыстарын бұзып айтады. [Р] дыбысы қойылған, бірақ өздігінен сөйлегенде машықтандыруды қажет етеді. Тіл мен ерін бұлшықеттерінің қозғалғыштығы сақталған, бірақ сөйлеу кезіндегі нақтылық пен дикцияның анықтығы жеткіліксіз. Тұтығу белгілері байқалмайды. Сөйлеу ағымында дыбыстарды алмастыру және шатастыру кездеседі. [Н]-[Ң] дыбыстарын саралауда (дифференциация) қиналады (*таңертең-танертен*).

Фонематикалық қабылдауы жеткіліксіз дамыған. Дыбыстарды есту арқылы ажыратуда қателіктер жібереді. Жазу барысында қалай естиді, солай жазады. Сөзге дыбыстық-әріптік талдау жасау қарқыны баяу. Ұқсас дыбыстарды шатастырады (*ішім-ышым, құмырсқа-қүмірсқа, менің-менын, жігіт-жыкіт, жүгері-зугері, уәдеге-уадеге*).

Сөздік қоры пассивті күйде, лексикалық тақырыптарды білгенімен, оларды белсенді сөйлеуде қолдануда қиналады. Ойлау процесінде орыс тілінің басымдылығы байқалады, бұл қазақ тілінде сөйлем құрауға кедергі келтіреді. Жекеше және көпше түрлерді түсінеді, бірақ сөйлемдегі грамматикалық қателер кездеседі.

Өз бетінше байланыстырып сөйлеу дағдысы төмен деңгейде. Мәтін мазмұнын жалпылама түсінгенімен, оны өз сөзімен жүйелі баяндап бере алмайды. Ой қорыту кезінде кідірістер (паузалар) байқалады. Оқу қарқыны орташадан төмен. Сөйлеу тілінің дамуы жас шамасына толық сәйкес келмейді.

1. Дыбыстарды саралау (дифференциация) жұмыстарын жүргізу;
2. Фонематикалық естуді және сөзге дыбыстық талдау жасауды дамыту;
3. Қазақ тіліндегі сөздік қорды белсендіру және байланыстырып сөйлеуді жетілдіру;
4. Оқу және жазудағы оптикалық-акустикалық дисграфияны түзету жұмыстарын жалғастыру қажет.

Бекбай Сара, жалпы сөйлеу тілі дамымауының әсерінен туындаған оқудың бұзылысы

Дыбыстардың айтылуында айтарлықтай ақаулар жоқ. Сөйлеу барысында барлық дыбыстарды анық айтады. Тек оқу кезінде дауыс аппаратына шамадан тыс күш түсіру (дауыстың зорығып шығуы) байқалады, бұл оқу процесіндегі ішкі қобалжу мен күш салудың белгісі болуы мүмкін. Тұтықпа белгілері байқалмайды.

Сөйлеу мүшелерінің құрылысы қалыпты. Артикуляциялық аппараттың мүшелері қозғалмалы, берілген логопедиялық жаттығуларды талапқа сай, дұрыс орындайды. Сөйлеу бұлшықеттерінің тонусы тұрақты.

Фонематикалық қабылдауы өз деңгейінде қалыптасқан. Сөздегі дыбыстарды есту арқылы таниды және оларды біріктіріп айта алады. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдылары сақталған, әріп пен дыбыс арасындағы байланысты жақсы меңгерген.

Негізгі қиындық осы салада байқалады. Мәтінді техникалық тұрғыдан оқығанымен, оның мағынасын толық түсінбейді (семантикалық дислексия). Оқыған ақпаратты талдау және қорытынды жасау қабілеті төмен. Сұрақтарға жауап бергенде мәтіннің негізгі идеясын емес, тек есте қалған үзінділерін (мысалы, «көзі ауырды») қайталай береді. Жазу дағдысы жақсы дамыған, жазуы тиянақты әрі ұқыпты. Сирек жағдайларда ғана әріп деңгейіндегі қателер (әріп тастап кету немесе алмастыру) кездеседі, бірақ жалпы алғанда жазу жұмыстары талапқа сай.

Сөздік қоры тұрмыстық деңгейде жеткілікті. Күнделікті өмірдегі жағдайларды еркін жеткізе алады. Алайда, дерексіз ұғымдар мен күрделі грамматикалық құрылымдарды түсінуде ПДТ-ға тән ерекшеліктер байқалады. Сөйлемдегі сөздердің байланысын қарапайым деңгейде сақтайды. Байланыстырып сөйлеу кезінде оқиғаның желісі мен реттілігін сақтауда қиындықтарға тап болады. Мәтінді баяндау барысында логикалық жүйесіздік байқалады (оқиғаның соңын басында айту, т.б.). Сөйлеу тілінің жалпы дамуы 5-сынып деңгейіне қарағанда төменірек, коммуникативтік жағынан ашық, бірақ танымдық деңгейі артта қалған.

Сараның сөйлеу тіліндегі техникалық ақаулар жойылғанымен, оқу барысындағы мағынаны ұғыну мәселесі түзетуді қажет етеді.

1. Оқыған мәтіннің мағынасын ұғынуға, логикалық ойлауын дамытуға бағытталған жаттығулар жүргізу;
2. Байланыстырып сөйлеу жүйесін (оқиға желісін сақтау) жетілдіру;
3. Мәтінмен жұмыс істеу барысында «сұрақ-жауап» әдісін тереңдету;
4. Оқу кезіндегі дауыс зорығуын (напряжение) басу үшін тыныс алу жаттығуларын енгізу ұсынылады.

Сүлейменұлы Олжас, жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 3 деңгейі. Тоникалық тұтықаның орташа деңгейі

Оқушының сөйлеу тілінің барлық компоненттерінде бұзылыстар байқалады. Дыбыстарды айтуында *көмейлік ротацизм* ([Р] дыбысын тамақпен айту) кездеседі. Сөйлеу барысында *тоникалық тұтықпа* (сөз басындағы дыбыстарды бірнеше рет қайталау) анық көрінеді. Сұраққа жауап беру кезінде тұтығу жиілеп, кідірістер көбейеді.

Артикуляциялық аппарат бұлшықеттерінің тонусы әлсіз. Тілдің қозғалғыштығы шектеулі: тілді жоғары көтеруде қиналады, оңға-солға қозғалту үшін көп күш жұмсайды. Жаттығуларды орындау кезінде тілдің емес, төменгі жақтың көмегіне сүйену (синкинезия) байқалады. *Саливация* (сілекейдің ағуы) тұрақты сипатта көрінеді. Дыбыстарды машықтандыруды қажет етеді. [С]-[Ш] және [Ж]-[З] дыбыстарын бір-бірімен кейде шатастырады.

Дыбысты қабылдау деңгейі төмен. Ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажырата алмайды. Сөз басындағы және соңындағы дыбыстарды өз бетінше тауып, бөліп алу дағдысы қалыптаспаған. Дыбыстық талдау және жинақтау операциялары өте баяу жүреді.

Қарқыны баяу. Оқу процесінде тез шаршайды, ынтасы тұрақсыз. Сөйлеу тынысының бұзылуына байланысты оқу кезінде кідірістер мен мүдірулер кездеседі. Жазуы ірі, ретсіз және кейде баспа әріптермен жазады. Сөздік қоры шектеулі, негізінен қарапайым тұрмыстық сөздермен шектеледі. Сөз түрлендіру, септік және тәуелдік жалғауларын қолдануда қателер жібереді.

Оқушы мақтағанды жақсы көреді, бұл оның мотивациясын арттырудың негізгі жолы. Алайда, психоэмоционалдық тұрақсыздық байқалады: ұнамаған жағдайда итеріп жіберу немесе ұрып қалу (психоз белгілері) мүмкін. Шулы ортаға сезімтал, сыныптастарына «тыныш» деп айқайлау арқылы реакция береді. Өздік стимулдер (қаламмен ойнау) кездеседі.

Оқушымен сөйлеу тынысын қалыпқа келтіруге бағытталған **релаксациялық жаттығулар** және сілекей ағуды тоқтату үшін логопедиялық массаж жүргізу қажет. Оқу мен жазу дағдыларын түзетуде баспа әріптерінен жазбаша әріптерге көшуге, зейін мен есте сақтауды дамытуға басымдық беру ұсынылады.

Бекбай Жолан, тоникалық тұтықаның орташа деңгейі

Оқушының сөйлеу қабілеті жалпы алғанда жақсы дамыған. Алайда, сөйлеу барысында тоникалық тұтықпаның әсерінен сөз арасында ұзақ кідірістер мен сөйлеу ырғағының бұзылуы байқалады. Сөйлеу тынысы мен дыбыс шығару үйлесімділігінің бұзылуы тән.

Артикуляциялық аппараттың мүшелері мен қызметі қалыпты. Сөйлеу мүшелерінде органикалық ақаулар байқалмайды. Бірақ сөйлеу кезінде бұлшықеттерде кернеу (судороги) пайда болуы мүмкін.

Дыбыстардың айтылуы толық қалыптасқан. Барлық дыбыстарды (соның ішінде сонор, ысқырық, еріндік дыбыстарды) анық және дұрыс айтады. Сөйлеу барысында дыбыстарды бұзып айту немесе алмастыру белгілері кездеспейді.

Фонематикалық есту қабілеті жақсы дамыған. Сөздің бірінші және соңғы дыбыстарын қателеспей анықтайды. Дыбыстарды бір-бірінен ажыратуда қиындықтар кездеспейді. Естіген сөздерін дұрыс талдап, қабылдай алады.

Мәтінді түсініп оқиды, бірақ оқу барысында тұтықпаның әсерінен ырғақтың бұзылуы, сөздерді қайталап айту немесе кідірістер байқалуы мүмкін. Жазу дағдылары жақсы қалыптасқан. Естіген сөздерін дұрыс талдап, грамматикалық қатесіз жазуға қабілетті.

Сөздік қоры жақсы, өз жасына сәйкес келеді. Сөздердің байланысын, септік және тәуелдік жалғауларын орынды қолданады. Сөйлеу барысында грамматикалық құрылымдарды сақтайды.

Оқушының танымдық дамуы мен зияткерлік деңгейі жасына сәйкес, ауытқулар байқалмайды. Оқиға желісін жүйелі баяндай алады, сөйлемдерді мағыналық тұрғыдан дұрыс құрастырады. Алайда, сөйлеу кезіндегі ұзақ кідірістер байланыстырып сөйлеудің қарқынына әсер етеді.

1. Сөйлеу тынысын қалыптастыру және еркін сөйлеу дағдысын дамыту.
2. Сөйлеу кезіндегі бұлшықет кернеуін түсіру үшін релаксациялық жаттығуларды қолдану.
3. Жалпы білім беру бағдарламасын меңгеру барысында ауызша жауаптар кезінде психологиялық қолдау көрсету.



27.04.2026 ж. №64 мектепте өткен «Шектеусіз болашақ – DIGITAL INCLUSIO – будущее без барьеров» атты қалалық семинарға қатыстым. Семинардың мақсаты инклюзивті білім беруді дұрыс ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалармен жұмыс істеудегі озық халықаралық және отандық тәжірибелерді бөлісу, сабақ барысында заманауи интерактивті технологияларды қолдану аясын кеңейту болды.

Семинар барысында тәжірибе алмасу мақсатында АҚШ-қа арнайы барып қайтқан бастауыш сынып мұғалімінің баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы АҚШ-тың білім беру жүйесіндегі инклюзия мәселелерін, ЕБҚ балаларды жалпы сыныпқа интеграциялау әдістерін және мектептердегі қолдау қызметінің жұмыс істеу ерекшеліктерін ортаға салды.

Сабақ жоспарларына Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушыларға арналған арнайы оқу мақсаттары мен сараланған (дифференциацияланған) тапсырмалардың нақты қосылуы көрсетілді.

Практикалық бөлім:

ЕБҚ баламен өткізілген ашық сабақ Семинар қатысушылары ЕБҚ оқушысының қатысуымен өткен нақты сабақ үдерісіне қатыстық. Сабақтың ең негізгі 30 минуттық практикалық бөлімі көрсетілді. Сабақ барысында мұғалім мен психологтың баламен байланысы, оқушының тапсырмаларды орындау белсенділігі мен материалды меңгеру деңгейі жоғары бағаланды.



«Интерактивті еден»
(сенсорлық-электронды технология):

Мектептің материалдық-техникалық базасындағы ерекше заманауи құрал — электронды интерактивті еден жүйесінің жұмысы көрсетілді. Бұл құрылғы баланың қимыл-қозғалысына, қолмен немесе

аяқпен жанасуына (тактильді қабылдау) жауап беретін арнайы сенсорлық бағдарламамен жабдықталған. Көрмеде бұл жүйенің ЕБҚ балалардың кеңістікті бағдарлауын, ірі және ұсақ моторикасын, зейіні мен реакциясын дамытудағы рөлі іс жүзінде көрсетті. Семинар қорытындысы бойынша педагог-психологтар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуы өте тиімді деп танылды.

Қорытынды

SWOT ТАЛДАУ

Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің 2025-2026 оқу жылы бойынша

STRENGTHS (КҮШТІ ЖАҚТАРЫ)

- түзету кабинетінің толық күрделі жөндеуден өтуі;
- кабинеттің арнайы көрнекілік құралдармен, дамытушы материалдармен және әдістемелік жабдықтармен қамтылуы;

WEAKNESSES (ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ)

- мұғалімдердің оқу материалдарын ЕБҚ балалардың ерекшеліктеріне сай бейімдеуде қиналуы;
- оқушының орындаған тапсырмаларының нәтижелерін уақытылы ұсынбауы (бейімделген/жеке БЖБ,ТЖБ);
- кей оқушылардың түзету сабақтарын мақсатты оқу процесі ретінде емес, тек ойын әрекеті ретінде қабылдауы;

OPPORTUNITIES (МҮМКІНДІКТЕР)

- ғылыми-практикалық семинарларға, вебинарлар мен тренингтерге қатысу мүмкіндігінің жоғары болуы;
- мектеп психологі, логопед, дефектолог және мектеп мұғалімдері арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту арқылы қолдау қызметінің аясын кеңейту мүмкіндігі

THREATS (ҚАУІП ҚАТЕРЛЕР)

- ата-аналардың бала бойындағы даму бұзылыстарын психологиялық тұрғыдан мойындамауы;
- ата-ана үйге берілетін түзету тапсырмаларының орындалуын бақыламауы және баланың дамуына немқұрайлылық танытуы;
- құжатбастылық салдарынан мамандардың оқушылармен тікелей практикалық-түзету жұмыстарына бөлетін уақытының

2025–2026 оқу жылында педагог-логопедтің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Диагностикалық, түзете-дамыту, консультативтік, ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жоспарланған жұмыстар орындалды.

Логопедиялық қолдау нәтижесінде білім алушылардың сөйлеу тілі, оқу және жазу дағдылары бойынша даму динамикасы талданды, бірқатар білім алушыларда оң өзгерістер байқалды.

Жыл бойы ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру және әдістемелік қолдау жұмыстары жүргізіліп, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларды қолдаудың бірізділігі қамтамасыз етілді.

Педагог-логопед: Койшибаева С.Н